

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, оның ведомстволары және аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшілері арасындағы «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу үшін ішкі конкурс Барлық конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:**

**С-Р-3 санаты үшін:** Жоғары білім. Мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, стратегиялық ойлау, көшбасшылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-G-2

санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-G-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) А-5, В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-G-2 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

4) мемлекеттік қызмет өтілі екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде орталық, облыстық, қалалық немесе аудандық деңгейдегі құқық қорғау органдарының немесе арнайы мемлекеттік органдарының лауазымдарында немесе Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейінен төмен емес, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының лауазымдарында екі жылдан кем емес;

жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

**С-Р-4 санаты үшін:** Жоғары білім. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі.

Мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жоғары білім болған жағдайда жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

**Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдық жалақысы:**

Категория	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты	
	min	max
С-Р-3	96607	129920
С-Р-4	73288	99105

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, 150000, Петропавл қаласы, К.Сүтішев көшесі, 56, анықтама үшін телефондар: 8 (7152) 50-00-51,

факс 46-45-07, 46-21-98 электронды мекен-жайы: aimambekova@taxsko.mgd.kz, a.imambekova@kgd.gov.kz бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға ІШКІ КОНКУРС жариялайды:

**1. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Жанама салықтарды әкімшілендіру бөлімінің басшысы санаты С-R-3, 1 бірлік;**

**Функционалдық міндеттері:** Жанама салықтарды әкімшілендіру бойынша бөлім жұмысын ұйымдастыру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларыні, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**2. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Құқықтық жұмыстар және салықтық заңнамаларды түсіндіру бөлімінің басшысы, (2019ж. 01.09. дейін уақытша негізгі қызметшінің оқу демалысы кезеңіне) санаты С-R-3, 1 бірлік;**

**Функционалдық міндеттері:** Бөлім жұмысын ұйымдастырады, сотта және басқа да органдарда құқық мәселелерін қарау барысында салық басқармасының мүдделерін ұсынады, шаруашылық шарттарды дайындауға қатысу, тәжірибелік талдау, мемлекеттік кірістер органының қызметіне қатысты заңнамалық қызметі туралы ақпараттық материалдарды оларды оқытуды ұйымдастыру, салық есептілігін жасауға, іске асырылатын заңнамаларға үгіт-насихат жүргізу. Салық тексерісін жүргізу тәжірибесінде жасалған ұсыныстар және оларды келесі талдағанға дейін салық төлеушілердің арызын талдау, шаруашылық субъектілеріне және арыздары мен өтініштерін қарау бойынша басқарма жұмыстарын ұйымдастыру. Заңды және жеке тұлғаларға салық салу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын іске асыру және ұйымдастыру. Бөлім қызметкерлерінің кәсіптік деңгейін көтеру бойынша шараларды ұйымдастыру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларыні, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**3. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Салық төлеушілермен жұмыс және өндіру бөлімінің басшысы, санаты С-R-3, 1 бірлік;**

**Функционалдық міндеттері:** Есепті жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастыру мен жүргізу және салық төлеушілерді, салықтың барлық түрлері бойынша салықтық емес төлемдердің салық салу объектілерін әкімшілендіру, тіркелмеген және декларацияларды тапсырмайтын заңды және жеке тұлғаларды, сондай-ақ салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді анықтау және салық есебіне қою және салық заңнамасын бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдау. Кеден одағы шеңберінде бюджетке жанама салықтар түсімдерінің толықтығы және әкімшілендіру бойынша жұмыс жүргізу.

Салық берешегін талдау, берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу бойынша шараларды қабылдау және бересісі бар салық төлеушілерге әкімшілік әсер ету жөнінде жұмыс жүргізу,

экспорттық операцияларды уақытша тоқтату туралы салық органдарының хабарламасы, есептілік құру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «техникалық ғылымдар мен технологиялар» (ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету) немесе «білім» (құқық және экономика негіздері) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**4. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Ішкі жұмыс бөлімінің бас маманы, санаты С-R-4, 1 бірлік;**

**Функционалдық міндеттері:** Бөлімнің бақылау-экономикалық жұмысы бойынша деректерді талдау және жинақтауды жүзеге асыру. Құжаттау мен іс жүргізуді ұйымдастыру. Мемлекеттік әкімшілік қызметкерлерінің қызметін бағалау мен аттестациялауды ұйымдастырады және жүргізеді. Арнаулы тексеру жүргізуге құжаттарды әзірлейді. Қызметкерлердің штаттық-тізімдік құрамы жайлы кітап жүргізеді, жеке істерді, еңбек кітапшаларын және қызметтік куәліктерді есепке алу, есеп жүргізу, сақтау. Қызметкерлердің жұмыс өтілін анықтайды. Тәртіптік комиссия құжаттамасын жүргізеді, әскери міндеттілерге арнайы есеп жүргізу, ауруханалық парақтарды тіркеу, жұмыс уақыты табелін жүргізу. Жеке құрам, басқарманың негізгі қызметі бойынша, демалыстар беру жайлы бұйрықтарды әзірлейді. Қызметкерлердің біліктілігін көтеру бойынша іс шаралар жүргізу жөнінде қажетті құжаттарды дайындау. Статистикалық есептерді құруға қатысады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару, мұрағаттану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету) немесе «білім» (математика немесе информатика, құқық және экономика негіздері) немесе «білім» (мектепке дейінгі тәрбиеден басқа) немесе «құқық» бейіндері бойынша. Орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік: «сервис, экономика және басқару» (экономика (салалар бойынша), есеп және аудит (салалар бойынша), қаржы (салалар бойынша), іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану (салалар және қолдану салалары бойынша) немесе «білім» (мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беруден басқа) немесе «құқық» бейіндері бойынша рұқсат етіледі.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**5. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы «Құжаттарды өңдеу, жеке шоттарды жүргізуді есепке алу орталығы» бөлімінің бас маманы, (2019ж. 04.06. дейін уақытша негізгі қызметшінің бала күту жөніндегі демалыс кезеңіне) санаты С-R-4, 1 бірлік;**

**Функционалдық міндеттері:** Сотта және басқа да органдарда құқық мәселелерін қарау барысында салық басқармасының мүдделерін ұсынады, шаруашылық шарттарды дайындауға қатысу, тәжірибелік талдау, мемлекеттік кірістер органының қызметіне қатысты заңнамалық қызметі туралы ақпараттық материалдарды оларды оқытуды ұйымдастыру, салық есептілігін жасауға, іске асырылатын заңнамаларға үгіт-насихат жүргізу. Заңды және жеке тұлғаларға салық салу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын іске асыру және ұйымдастыру. Салық төлеушілердің арызына талдау, шаруашылық субъектілеріне және арыздары мен өтініштерін

қарау, жұмысты жетілдіру мақсатында қоғам пікірін зерделеу, салық жағдайлары бойынша шолу дайындау.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік: «сервис, экономика және басқару» (экономика (салалар бойынша), есеп және аудит (салалар бойынша), қаржы (салалар бойынша) немесе «құқық» бейіндері бойынша рұқсат етіледі.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларыні, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**6. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Мәжбүрлеп өндіру және дәрменсіз борышкерлермен жұмыс бөлімінің бас маманы, (2021ж. 25.04. дейін уақытша негізгі қызметшінің бала күту жөніндегі демалыс кезеңіне) санаты С-R-4, 1 бірлік;**

**Функционалдық міндеттері:** Жұмыстың бірінші кезектегі бағытын таңдау үшін бюджет алдындағы міндеттемелері бойынша салық төлеушілер берешегінің талдауын жүргізу, әрі қарай өкім шығару үшін салық төлеушілер дебиторлары туралы мәлімет жинақтау және бір жүйеге келтіру, берешегі бар кәсіпорындардың кассаларындағы қолда бар ақшалай қаражаттың қозғалысына бақылауды іске асыру, заңнаманы сақтай отыра оларды алуды жүргізу, жабу кестесіне сәйкес салықтарды төлеу мерзімдерінің қадағалануына бақылау, мүлікпен пайдалануға шектеу үшін құжаттарды дайындау, борышкерлер мүлкін тізімдеуге қатысу. Дәрменсіз борышкерлерге қатысты банкроттық, қалпына келтіру, түзету, сыртқы қадағалау процедураларын қолдану мәселелері бойынша жұмыс жүргізу. 150 АЕК жоғары (3 және 6 айдан аса) берешегі бар төлеуге қабілетсіз борышкерлер тізілімін жасау. Дәрменсіз, соның ішінде жоқ, әрекетсіз, сол сияқты салық органдарымен байланысын үзген кәсіпорындарға қатысты банкроттық, қалпына келтіру, түзету, сыртқы қадағалау процедураларын бастау кестелерін дайындау. Конкурстық өндірісте, қалпына келтіру процедурасында, сыртқы қадағалаудағы қарыз берушілер комитетіне қатысу. Дәрменсіз борышкерлерді банкрот деп тану туралы талап арыздар жасайды және дәрменсіз борышкерлерді банкрот деп тану туралы істерді қарау жөніндегі сот отырыстарына қатысады. Әдейі жалған банкроттық белгілерін анықтау жөніндегі жұмысқа бақылау жасау.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік: «сервис, экономика және басқару» (экономика (салалар бойынша), есеп және аудит (салалар бойынша), қаржы (салалар бойынша) немесе «құқық» бейіндері бойынша рұқсат етіледі.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларыні, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**7. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы «Ақпаратты қабылдау мен өңдеу жөніндегі орталық» және есепке алу бөлімінің бас маманы, (2021ж. 12.03. дейін уақытша негізгі қызметшінің бала күту жөніндегі демалыс кезеңіне) санаты С-R-4, 1 бірлік;**

**Функционалдық міндеттері:** Салық есептіліктерін сапалы және уақытылы ұсынылуына бақылау және қабылдау бойынша жұмысты жүргізу, өтініштерді қабылдау бойынша, оларды қарастыру, тіркеу және анықтамаларды және басқа құжаттарды уәкілетті органмен

анықталған нысандар мен мерзімдер бойынша беру, тіркеуді (қайта тіркеуді жүргізу, салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді салық есебіне қою және шығару.

Ведомстволық компьютерлік желі және бағдарламалық құралдардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, түсімдердің дұрыстығы мен уақытылығына және бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер есебі үшін ақпараттық база деректерінің жағдайын бақылау, болжамдық көрсеткіштердің орындалуын талдау, бересілердің туындау себептері және оны өтеу бойынша шаралар қабылдау.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «техникалық ғылымдар мен технологиялар» (ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету) немесе «білім» (математика немесе информатика, құқық және экономика негіздері) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік: «сервис, экономика және басқару» (экономика (салалар бойынша), есеп және аудит (салалар бойынша), қаржы (салалар бойынша) немесе «байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар. Электрондық техника» (ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша), информатика және есептеу техникасы (қолдану саласы бойынша) немесе «білім» (бастауыш білім беру (математика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі, информатика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі) немесе «құқық» бейіндері бойынша рұқсат етіледі.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларыні, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**8. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Мамлют ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Салық төлеушілермен жұмыс және өндіру бөлімінің бас маман-заң кеңесшісі, санаты С-Р-4, 1 бірлік;**

**Функционалдық міндеттері:** Бұйрықтардың жобаларын, ережелерді, және басқа да құқықтық сипаттағы құжаттарды қарастыру бойынша жұмыс жүргізу. Жеке тұлғалардан алынатын барлық салықтар, алымдар, басқа да төлемдерді өндіріп алу бойынша салық басқармасы қызметін заңды қамтамасыз етуді тікелей жүзеге асыру. Салық басқармасының қызметкерлерін және азаматтарды салық заңнамасын қолдану мәселелері бойынша кеңес беру. Басшыға қол қойылуға ұсынылатын құқықтық сипаттағы құжаттардың әрекет ететін заңнама талаптарына сәйкес келуін тексеру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік: «сервис, экономика және басқару» (экономика (салалар бойынша), есеп және аудит (салалар бойынша), қаржы (салалар бойынша) немесе «құқық» бейіндері бойынша рұқсат етіледі.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларыні, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**Құжаттарды қабылдау мерзімі ішкі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған кейін келесі жұмыс күннен бастап 3 жұмыс күн.**

Аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері сканерленген құжаттарын [aimambekova@taxsko.mgd.kz](mailto:aimambekova@taxsko.mgd.kz), [a.aimambekova@kgd.gov.kz](mailto:a.aimambekova@kgd.gov.kz) электрондық мекенжайы бойынша ұсына алады.

Іріктеуге қатысу үшін:

а) қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш (2- қосымша);

б) тиісті персоналды басқару қызметімен құжаттарды тапсыру күніне дейін күнтізбелік 30 күн ішінде расталған қызметтік тізім.

Басқарушы лауазымдарына үміттенген кандидаттар конкурс комиссиясымен айқындалған тақырыптар тізімінен бір эссені жазады.

Конкурс комиссиясының қарауына азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына ([aimambekova@taxsko.mgd.kz](mailto:aimambekova@taxsko.mgd.kz), [a.aimambekova@kgd.gov.kz](mailto:a.aimambekova@kgd.gov.kz)) электронды түрде не «Е-gov» электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

Құжаттар электронды түрде мемлекеттік органның электрондық почтасы не «Е-gov» электронды Үкімет порталы жүйесі арқылы берілген жағдайда олардың түпнұсқасы ***әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірілмей беріледі.***

Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының олардың қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Ішкі конкурсқа қатысатын және әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде, 150000, Петропавл қ., К.Сүтішев көшесі, 56 мекен жайы бойынша, (анықтама үшін телефондар: 8(7152) 50-00-51, 46-45-07, 46-21-98) кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде өтеді.

**Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.**

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Мемлекеттік органның басшысының (жауапты хатшысының) келісімі бойынша конкурс комиссиясының отырысына сарапшылар шақырылады. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

«Б» корпусының мемлекеттік  
әкімшілік лауазымына  
орналасуға конкурс өткізу  
қағидаларына 2-қосымша

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік орган)

Өтініш

Мені \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу  
конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын. Мемлекеттік әкімшілік  
лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын  
қалыптастыру қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, олармен  
келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылып отырған құжаттарымның дәйектілігіне жауап беремін.

Қоса берілген құжаттар:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Мекен жайы және байланыс телефоны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қолы

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. (болған жағдайда))

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.